

– Одной из главнейших причин создания двухпалатного парламента является необходимость обеспечить различный характер представительств в палатах. Нижняя палата представляет интересы всего народа, верхняя палата служит органом регионального представительства.

– Верхняя палата — Сенат — играет роль буфера между нижней палатой и Президентом. Таким образом, он выполняет функцию легитимации автократии, служит дополнительной опорой президентской власти. Однако несмотря на ряд существенных недостатков в функционировании верхней палаты, нельзя отрицать ее значимости в процессе укрепления национальной государственности, обеспечении политической стабильности в обществе.

– Нижняя палата — Мажилис — является органом, представляющий интересы всего народа, по сравнению с Сенатом он более динамичен, инновационен за счет смены всего состава палаты. Двухпалатный парламент РК, существующий всего лишь 15 лет, сумел за этот срок обеспечить законодательную поддержку проводимых в обществе и государстве реформ. Он доказал свою состоятельность как высший законодательный орган, активно содействующий политической стабильности, миру, согласию.

Список литературы

1. *Артыкбаев Ж.* Казахское общество в XIX веке: традиции и инновации. — Караганда, 1993. — С. 43–44.
2. *Нысанбаев А., Машан М., Мурзалин Ж., Тулегулов А.* Эволюция политической системы Казахстана в 2-х томах. — Алматы: Гл. ред. «Қазақ энциклопедиясы», 2001. — С. 226.
3. *Машан М.С.* Политическая система Казахстана: трансформация, адаптация, целедостижение. — Алматы: Аналитический центр «Стратегия», 2001. — С. 128–129.
4. *Коукли Д.* Разделение властей в современных государствах // Полис. — 1997. — № 3. — С. 164.
5. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года. Официальное издание. — Алматы, 1995. — С. 16.
6. Конституционное право зарубежных стран. — М.: Бек, 1996. — С. 416.

ӘОЖ 14

Ж.У.Дағарова, Б.Қ.Дюсалинова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МӘДЕНИЕТТІҢ ЖЕТЕКШІ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕГІ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ

В статье дается определение науки, а также показаны истоки ее возникновения и история развития. Автор пытается рассмотреть философию как свободный творческий акт, а науку — как необходимость.

The article «Science and knowledge as leading factors of contemporary science» gives explanation to origin and chronological development of science. The authors consider Philosophy as free and creative act, and science as necessity.

Қазіргі заман мәдениетінің негізін құратын жетекші форма — ғылым мен білім. Ғылыми-техникалық революция заманында ғылым — мәдениеттің шын мәніндегі жетекші формасы, онсыз қазіргі материалдық және рухани игіліктерді өндіру мүмкін емес. Тарихтың белгілі бір кезеңінде қоғамдық байлықты өндіру адамның ғылыми білімдер жиынтығын игеру деңгейіне тікелей тәуелді болады деген Маркстың ойы XX ғасырда шындыққа айналып отыр.

Ғылым дегеніміз — дүниені танудың қайнар көзі. Ғылымның мәнін түсіну үшін ең алдымен ғылым мен білімнің арасындағы айырмашылыққа назар аударсақ, білім — материалдық және рухани құбылыстар туралы нақты мәліметтер жиынтығы және олардың адам санасында дұрыс, объективті бейнеленуі. Білімнің өзі қарапайым және ғылыми болып екіге бөлінеді. Қарапайым білім іс-әрекет пен тіршілік барысында жинақталады. Ол құбылысты тек сипаттап, оқиғаның қалай өтіп жатқандығын пайымдайды. Ал ғылыми білім терең де мазмұнды, ол құбылысты тек сипаттап қоймай, оның себебін, өткені мен болашағын түсіндіріп, олардың ішкі табиғатын, мәнді жақтары мен маңызды байланыстарын ашып, оның даму заңдылықтарын айқындайды.

Ғылыми білім жүйелілігімен, логикалық тұрғыдан ұйымдастырылуымен және теориялық сипатымен ерекшеленеді. Ғылым көптеген қиындықтар мен қайшылықтарға толы мол ізденістер мен шығармашылық іс-әрекеттің барысында туындады. Ғылымның даму тарихына келсек, танымдық форма ретінде оның өз тағдыры мен тіршілігі бар.

Ғылымның дамуы ғылымдағы мәліметтер көлемінің ұлғаюымен сипатталмайды, оның дамуы глобалдық сипатқа ие. Әрбір кезеңде оның мазмұны мен мақсаты, қоғамдағы маңыздылығы, таным логикасы өзгеріске ұшырап отырады. Ертеректе ғылымдардың ғылымы және патшасы саналған философия Көне Үнді, Қытай және Грек елдерінде пайда болған. Барлық білім салалары философияға қатысты болып, философия барлық білім салаларының басын біріктіріп, жүйелеген.

Философия мен ғылыми білімнің мұндай қарым-қатынасы философияның әлі дами қоймаған кезіне сәйкес келеді. Алғашқы кезде философтар тек таза философиямен ғана айналысып қана қоймай, соған сүйене отырып білімге ұмтылған, білімді даналықтың көзі деп таныған, табиғатты да, қоғамдық өмірді де танып-білуге күш жұмсаған. Философия мен ғылымның мұндай қарым-қатынасы Жаңа дәуірде ғылымның күрт дамып, дербес әлеуметтік институт пен арнаулы танымдық қызметтің формасы ретінде бөлініп шыққанына дейін жалғасып келген.

Сөйтіп, философия әлі буыны қата қоймаған ғылыми білімге арқау болып, оған, бір жағынан, жаңа идеялар ұсынып, байытып отырса, екінші жағынан, ғылыми ойдың рационалдық негізін қолдап, ақыл, ой, зердені, жалпы танымның қайнар көзі ретінде дамытып, рационалды ойлау мәдениетін дамытуға дем береді [1, 85].

Орта ғасырдағы Батыс елінде қоғамдық өмірдің барлық сфераларында дін үстемдік құрғандықтан, мәдениет, философия мен ғылыми білім діннің құрсауында болды. Осы дін мен ғылым арасындағы айырмашылықты ашып беруге тырысқан араб-мұсылмандық философияның өкілі Ибн Рушд екі түрлі ақиқат идеясын қалыптастырып, сенімнің өз ақиқаты және ақыл-ойдың өз ақиқаты болады деп тұжырымдады. Ол діни ойлау мен рационалдық ойлаудың арасындағы қайшылықты осылай шешеді.

Осы ғылымның қашан пайда болғандығы жөніндегі сұраққа келсек, оған ғылыми әдебиеттерде екі түрлі пікірлер берілген. Бір көзқарас бойынша, ғылым көне заманнан бері келе жатыр, мысалы, Эвклидтің геометриясы, Птоломейдің астрономиясы, Аристотельдің логикасы мен физикасы. Бірақ бұл кезде рухани қызметтің және әлеуметтік өмірдің дербес бір саласы ретінде ғылым әлі бөліне қоймаған еді. Екінші бір көзқарас бойынша, ғылым тек XVI–XVII ғасырларда белгілі бір әлеуметтік жағдайларда ғана туындаған.

Толыққанды ғылымның пайда болуын растайтын, оның тұтас болмысын сипаттайтын мынадай ерекшеліктер бар, олар: біріншіден, ғылыми зерттеулер жүйелі түрде жүргізіледі, ғылыми білім белгілі бір жүйеге келтіріледі. Жүйелілік дегеніміз — ғылымның ең басты сипаты. Екіншіден, ғылыми әрекет — бұл адамзат қызметі.

Қоғамда ғылыммен айналысатын адамдар, яғни ғалымдар болады. Үшіншіден, ғылым әлеуметтік институт ретінде қалыптасады. Жүйеленген ғылыми білімді өндіретін ғылыми іс-әрекет әлеуметтік тұрғыдан ұйымдастырылып, ғылыми мамандар дайындап, ғылыми зерттеулерді топтайтын — жоғарғы оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары, зертханалар, ғылыми орталықтар сияқты арнайы мекемелер мен ұйымдар пайда болады.

Ғылымның төрт ғасырдан астам тарихы бар, оны үш түрлі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең — XVII ғасырдан бастап XIX ғасырдың ортасына дейінгі кезең. Бұл кездегі ғылымды классикалық ғылым деп атаймыз. Классикалық ғылымның дамуы жаратылыстану ғылымдарының дамуымен, оның ішінде механиканың дамуымен ерекшеленеді. Ғылым дамуының классикалық емес ғылым деп аталатын екінші кезеңі XIX ғасырдың соңынан XX ғасырдың 60–70 жылдарына дейін созылады. Классикалық емес ғылым ең алдымен XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында пайда болған революциялық ғылыми жаңалықтарға байланысты [1, 250].

Мысалы, атомның күрделілігі анықталды, микробөлшек — электрон ашылды, Эйнштейннің қатынастылық теориясы жарыққа шықты, кванттық механика мен биологиядағы генетика ашылды. Ғылым дамуының постклассикалық емес деп аталатын қазіргі кезеңі XX ғасырдың 60–70-жылдарынан басталып, әлі осы уақытқа дейін жалғасуда. Мұнда ғылым өте күрделі тарихи дамиды жүйелерге назар аударады.

XX ғасырды ғылымның ғасыры деп атауға болады. Ғылымның қазіргі қоғамдағы беделі мен маңызы өлшеусіз артып отыр, сол себепті де қазір «білім» деген ұғым көбінесе «ғылыми білім» деген ұғыммен тепе-тең қолданылуда. Бірақ бұл дұрыс емес, адам білімінің көптеген түрлері ғылыми емес,

мысалы, күнделікті тұрмыс барысындағы қалыптасқан білім, діни білім және т.с.с. Ғылым — адамның шындық дүние жайлы қызметінің арнайы бір жүйеге келтірілген идеялық жүйесі.

Ғылым — дүниені тану процесі, бірақ ол күнделікті таным процесі емес, арнайы ұйымдастырылған теориялық таным процесі болып табылады. Ол теориялық білімдер жүйесі.

Ә.Х.Тұрғынбаев өзінің «Қазіргі жаратылыстану концепциялары» деген еңбегінде ғылымның негізгі ерекшеліктеріне тоқталады, олар: 1) ғылыми білім жүйелілігімен ерекшеленеді; 2) ғылыми білімнің объектісі тікелей шындық дүние заттары емес, идеялық объектілер, яғни олардың ойдағы бейнелері; 3) ғылыми білімнің мазмұны оны танып-білуші адамның мақсат-мүддесіне тәуелсіз, объективті ақиқат болуы тиіс; 4) ғылым қайталанушы құбылыстарды зерттейді, жеке дара заттар мен құбылыстарды ғана емес, ол белгілі бір топқа, класқа жататын заттар мен құбылыстардың бәріне тән жалпы заңдылықтарды іздейді [2, 130].

Ғылыми танымның құрылысына келсек, өзі өмір сүріп келе жатқан екі жарым мың жылдан бері ғылым жүйелі түрде ұйымдасқан өзіндік айқын құрылысы бар күрделі құбылыс.

Ғылымның мақсаты — заңдылықтарды ашу, ал заңдылықтар дегеніміз — құбылыстардың арасындағы жалпы, мәнді, қажетті, тұрақты, қайталанбалы байланыстар. Заттар мен құбылыстардың бойындағы жалпылық абстракциялау жолымен анықталады, яғни олардың әрқайсысына тән жекеше, ерекше белгі, қасиеттерге назар аудармау, жалпы ортақ белгі, қасиеттерді ойша бөліп алу арқылы іске асады. «Абстракция» деген сөздің өзі көңіл аудармауды білдіреді. Ғылымның қоғамдық сананың басқа да формаларынан ерекшелігі, мұнда жаңа білімді қорытып шығарудың әдіс-тәсілдері шешуші роль атқарады.

Білімдердің жүйелілігі мен негізділігі — ғылыми білімді күнделікті қарапайым білімдерден айырып тұратын басты мәнді белгісі. Ғылым тарихында жалған ғылыми идеяларды нағыз ғылымнан айыра білу үшін бірнеше принциптер өңделген. Солардың бірі — верификация принципі. Бұл принцип бойынша, қандай ұғым мен пікір болмасын тікелей тәжірибеде, эмпирикалық жолмен тексеріліп, расталса ғана ақиқат деп танылады. Ал фальсификация принципі бойынша, тек логикалық жағынан бекерге шығаруға болатын білімді ғана ғылыми білім деп атауға болады [2, 90].

Сонымен, ғылым дегеніміз ең алдымен шындық дүниені танып-білудің нәтижесінде қалыптасқан, бір жүйеге келтірілген теориялық білімдер жүйесі болғандықтан, шындық дүниенің өзі алуан түрлі және сан салалы. Қазіргі заманғы ғылымдар күрделі білімдер жүйесін құра отырып, ең алдымен мынадай теориялық білім салаларына бөлінеді, олар: жаратылыстану, қоғамдық, техникалық, гуманитарлық және т.б. жаратылыстану ғылымы — табиғат құбылыстары мен заттары жайлы, олардың себепті байланыстары мен заңдылықтары жайлы ғылым. Қоғамдық ғылымдар қоғам өмірінің заңдылықтарын, қоғамдық құбылыстар мен процестердің себепті байланыстарын ашады.

Техникалық ғылымдар жеке адамдар мен бүкіл адамзат өмірдің түрлі салаларында қолданатын құрал-саймандардың жүйесі техниканың заңдары мен оларды жасаудың әдіс-тәсілдерін зерттейді. Гуманитарлық ғылымдарға қоғамдық құндылықтарды зерттеудің нәтижесінде қол жеткен білімдерді жүйеге келтіруші ғылымдар жатады. Қоғамдық құндылықтар дегеніміз — мақсат-мүдделер, ойлау нормалары, мінез-құлық нормалары және т.б.

Ғылым дамуының XX ғасырға дейінгі сипаттамасында елеулі айырмашылықтар бар. Бұрын ғылымда ғылыми білім үздіксіз өсіп жиналады, жаңа ғылыми жаңалықтар ұдайы жинақтала отырып, табиғатты танып-білудің түрлі бағыттарына аса күшті әсер етуі тиіс деп қарайтын. Ал, қазір ғылымның даму логикасы басқаша екені анықталды. Ғылым жаңа фактілер мен идеялардың үздіксіз жинақталуы нәтижесінде ғана күн сайын дамымайды, табиғат жайлы бұған дейінгі көзқарастар мен түсініктерді түбірінен өзгертетін аса ірі теориялық жаңалықтар ашылуына байланысты дамиды екен.

Ғылым әрбір тарихи дәуірде қол жеткен ғылыми жетістіктерді мұқият жинақтап, адамзаттың мәдени қорына қосып отырады, оларды жаңадан ашылған жаңалықтар тұрғысынан талдап, түсіндіруге тырысады. Мұнсыз ғылымда ғылыми сабақтастық пен ғылыми прогресс болмас еді.

Қазіргі заманғы ғылымның дамуының маңызды бір заңдылығы — ғылыми білімдердің интеграциясы мен дифференциациясы. Интеграция мен дифференциация процестерінің бірлігі, әсіресе жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарының шекарасында айқын көрініп отыр. Аристотельдің заманында бар ғылымдардың саны 10–15 шақты еді, мысалы: философия, геометрия, астрономия, медицина.

Жаңа пайда болып, қалыптаса бастаған ол ғылыми білімдер әлі бір-бірінен бөлінбеген біртұтас еді. Олардың қосындысы натурфилософия ғылымын құрады. Сол кездегі қоғамдық өмір натурфилософияның жеке ғылымдарға жіктелуін талап етпеді, тек XVII ғасырда капиталистік өндірістің тууы, техниканың күшін қолдану қажеттігі табиғатты жан-жақты терең талдап зерттеу

кажеттігін тудырып, біртұтас ғылымның жеке білім салаларына — жеке ғылымдарға бөлінуін, дифференциациялануын тудырды [3].

Сонымен, XX ғасырға дейін ғылым логикалық-гносеологиялық тұрғыдан дамудағы білім жүйесі ретінде қарастырылып келді. Бұл уақытта ғылым әлеуметтік контекстінде қаралмады. Тек XX ғасырдың ортасынан бастап ғылымның әлеуметтану және ғылым философиясындағы әлеуметтік мәдени феномені зерттеле бастады.

Осыдан бастап қоғамдағы ғылымның алатын орнына назар аударылды. Қоғамдағы әлеуметтік-мәдени факторлар ғылымға, ғылыми теорияның қалыптасу процесіне әсер етеді. Ғылым болса философия мен дүниетаным арқылы танымдық процеске, ғылыми теорияның қалыптасуына әсер етеді.

Ғылым философиясының қазіргі уақыттағы жағдайына келсек, оның парадигмалық мазмұны жаңаруда. Өйткені адамзат болмысының барлық сфераларында түбірлі өзгерістер байқалуда, мысалы, эпистемология, тарих, мәдениеттану және ғылым методологиясының әлеуметтік, мәдени және көзқарастық негіздемелері сыни тұрғыдан қайта қаралуда.

Ғылымға философиялық талдау жасау қазіргі уақыттың талабына айналуға айналуда. Ғылымның даму шапшаңдығы, ғылыми-зерттеу масштабының үздіксіз ұлғаюы философия мен жаратылыстану ғылымындағы қалыптасқан көзқарастар мен түсініктердің терістелуіне әкелді. Осы мәселеге қатысты Ф.Ф.Саттарова өзінің «Ғылыми білім синтезі» деген еңбегінде алуан түрлі философиялық көзқарастарды диалектикалық логикалық принцип негізінде талдауға ұмтылыс жасаған болатын. Шын мәнінде диалектикалық логика — ойлаудың жалпы принциптерінің жүйесі. Философия өз қызметін әлемнің тұтастығы жөніндегі алуан түрлі түсініктерді өңдеп, жеке ғылыми ойлауды диалектикаландыру жолымен атқарады [4].

Жаңа философияның арманы — ғылыми немесе ғылымға ұқсаған болу. Ресми философтардың ешқайсысы философияны қайтсе де ғылыми пәнге айналдыру керек деген бұл ұмтылыстың дұрыстығы мен заңдылығына шындап күмәнданбайды. Позитивистер мен метафизиктер, материалистер мен сыншылдар да осыған тоқтайды. Кант пен Гегель, Конт пен Спенсер, Коген мен Риккерт — бәрі де философияның ғылым болғанын немесе ғылымға ұқсас болғанын қалайды. Философия ғылымға мәңгілік қызғаныш сезімде.

Ғылым — философтардың мәңгілік көзқарарлығын қоздыратын нәрсесі. Философтар өздерімен-өздері болуға тырыспайды, олар бәрінде де ғылымдарға ұқсағанды, ғылымдарға еліктегенді қалайды. Философтар философиядан гөрі ғылымға көбірек сенеді, өздеріне және өз істеріне күмәнданады, сөйтіп бұл күмәнді принцип дәрежесіне көтереді [5, 150].

Философтар танымға ғылым фактісі болғандықтан ғана сенеді: ғылыммен аналогия бойынша олар философиялық танымға да сенуге әзір. Мұны позитивистер мен сыншылдар туралы ғана айтып қоя салуға емес, жаңа уақыт метафизиктерінің көбісіне де бұл әбден қолдануға жарайды. Бұл оның қолынан соншама келмей жатқанымен метафизика да ғылым болғысы келеді, бәрінде де ғылымға ұқсағысы келеді. Философияның қандай да болмасын тәуелділіктен босануын қазіргі философтар философияның ерекше бір ғылымға түпкілікті айналуы деп түсінеді. Бірақ мұнда асқан жаңа дерлік ештеңе жоқ: бұл тек ескі схоластикалық идеяның жаңартылған көрінісі ғана.

Метафизикалық философияның да өзінше ғылыми болғысы келген және де өз уақыты үшін ғылыми болғандай, тіпті шартты түрде ғылыми болды да. Декарт пен Лейбництің ғылыми философтар екендігі Коген мен Гуссерльден еш кем емес. Ғылымилықтың аңғал жақтаушысы Геккель ғылыми монизм жасамақ болғанда, өзіне үлгі есебінде байырғы метафизик Спинозаны алғанын. Спинозаның геометриялық әдісі де Канттың трансценденталдық әдісі сияқты философиядағы ғылымилыққа деген ұмтылыс болып табылады.

Схоластикалық ортағасырлық философия да түгелімен философияны ғана емес, тіпті теологияны да, формалдық ғылым тәріздес пәнге айналдыруға деген қажырлы да жаппай ұмтылыспен қамданған болатын. Орта ғасырлардың ғылыми санасының өзі қазіргіден аса өзгешеленетін еді, дегенмен схоластика өз уақытының ғылымилығына бейімделді. Көне заманның ең ғылым тәріздес философы Аристотельдің сол кездегі ақыл-ойдың пірі болуы тегін еместін. Фома Аквинский де Коген сияқты, дәл сол өлшемдегі «ғылыми» философ, бірақ әрқайсысы өз уақыты үшін, өз уақытының «ғылымилығының» критерийі бойынша ғылыми болып табылады. Когеннің ғылыми философиясы дегеніміз — схоластикалық философияның тікелей мұрасы. Неокантшылдық дегеніміз — таным мәселесін трагикалықтың шыңына жеткізген неосхоластика... Бұл ғылыми философия, схоластикалық философияның өмірге үстемдік жүргізуге емеуірінденгені сияқты, ол да соған емеуірін танытады.

Схоластикалық принцип дегеніміз — философияның және өз уақытындағы күллі мәдениеттің үстінен мектепшілдік, ғылымилық, ғылым тәріздес рационалдықтың принципін үстемдігі. Ғылым тәріздес рационалдықтың мазмұны өзгереді, алайда сол принцип қалады, Аристотель, Фома Аквинский, Декарт, Спиноза, Кант, Гегель, Спенсер, Авенариус, Коген, Гуссерль — осы соншама әр түрлі философтардың бәрі философияны ғылым тәріздес схоластикаға айналдырады. Философияның өз уақытының әмбебап ғылымы болуға деген тілегі әрқашанда схоластикаға жатады...

Философия ешқандай мағынада да ғылым емес және ешқандай да мағынасында ғылым болмақ емес. Философияның ғылымға ұқсап бағуға, ғылым болуға тіленуінің себебі түсініксіз деуге болады.

Өнер, мораль, дін ғылыми болмауға тиіс. Не себептен философия ғылыми болуға тиіс?

Жарық дүниеде ғылымның өзінен басқаның ешқайсысы да ғылыми болуға тиіс емес екендігі соншама анық сияқты-ақ. Ғылымилық ғылымның айрықша бір қасиеті және де тек ғылым үшін ғана критерий болып табылады [5, 153].

Моральдың — моральдық, діннің — дінилік, өнердің көркемділік болуға тиіс екендігі сияқты, философияның философиялық, тек қана философиялық болуға тиіс екені соншама анық сияқты-ақ. Философия ғылымға қарағанда бұрынырақ туған, көнерек, ол Софияға жақынырақ; ол ғылым әлі болмағанда да болған, ол өзінен ғылымды бөліп шығарған. Алайда бұл ғылым өзінен философияны бөліп шығарады-ау деп тосумен аяқталды.

Философиядан ғылымды бөліп шығарған дифференциациялану философияны оның өзіндік ерекше саласының бостандық алуы ретінде қуантуға тиіс.

Алайда бұл дифференциация жол-жөнекей философияны құлдыққа салуға апарды. Егер философияны басқа ғылымдар қатарындағы арнайы ғылым деп (мысалы, танымның принциптері немесе бар болудың (сущее) принциптері туралы ғылым деп) мойындасақ, онда философия рухани өмірдің өзіндік ерекше бір саласы ретінде мүлдем құрдымға кетеді. Онда ғылыммен, өнермен, моральмен және т.б. қатар философия туралы айту мүмкін болмай қалады.

Философия туралы басқа ғылымдармен, математикамен, физикамен, химиямен, физиологиямен және т.б. қатар айтуға тура келеді. Бірақ философия ғылымның дербес бір саласы емес, мәдениеттің дербес бір саласы ғой. Философтарда философияны ғылым қылудан гөрі, ғылыми қылуға деген ұмтылыс басым. «Ғылымилық» дегеніміз не? Ғылымның құндылығына ешкім де шынымен күмәнданбайды. Ғылымның адамға керектігі талассыз нәрсе. Бірақ ғылымилықтың құндылығы мен керектігіне күмәндануға болады.

Ғылым мен ғылымилық — мүлде өзгеше заттар. Ғылымилық рухани өмірдің ғылымнан алабөтен басқа салаларына ғылым өлшемдерін апарып тану болып табылады. Ғылымилық ғылыми рухтың бүкіл өмірінің жоғарғы өлшемі болып табылады, барлығы да сол құрған тәртіпке бағынуға тиіс, оның тыйым салуы мен рұқсатының барлығында да шешуші маңызы бар деген сенімде жатыр.

Ғылымилық бірегей әдістің бар екендігін тұспалдайды. Ғылымда ғылымилықты талап етуге ешкім де қарсы келмейді. Бірақ мұнда да ғылымдар плюрализміне сай келетін ғылыми әдістердің плюрализмін атап өтуге болады. Жаратылыстану ғылымдарының әдісін, мысалы, психологияға және қоғамдық ғылымдарға өткеруге болмайды. Неміс гносеологтары мұны көптеген рет көрсеткен де, дәлелдеген де еді. Бірақ сол гносеологтардың өзі ғылымилық идеясын бекіндіруге көп жағдай жасады...

Бірақ ғылымилық ғылым емес және де ол ғылымнан қазбаланып алынған жоқ. Ешбір ғылым өзінен алабөтен салаларға ғылымилықтың нұсқауларын бермейді. Астрономия, физика, геология немесе физиология философияның ғылымилығына, мәдениеттің ғылыми тәртіптілігіне ешбір құныққан емес [5, 155].

Ғылымилық болмыстың төменгі салаларына рухтың құлшылығы, қажеттіліктің әмірін, әлемдік қысымға деген тәуелділікті жалықпай да жаппай сезіну болып табылады. Ғылымилық шығармашылық рухтың еркіндіктен айрылғандығының бір көрінісі ғана болып табылады. Бұл мағынасында ғылымилықтың терең симптомдық мәні бар. Германдық сыншылдық рухты ғылымилықпен тәртіптілендіруді, рухты хаостан құтқаруды армандайды...

Ғылым адам рухының дүниеге деген айрықша бір реакциясы болып табылады және де ғылымның және дүниеге ғылыми қатынастың табиғатын талдаудан адамның дүниеге басқадай қатынастарына ғылымилықты апарып тану рухтың құлдық тәуелділігі екендігі анықталуға тиіс.

Өзінің айрықша мәні бойынша ғылым дүниелік өмірдің қараңғы тоғайында жоғалған адамның өзін-өзін сақтауға деген реакциясы.

Өмір сүріп, дамуы үшін адам жан-жақтан оған төніп тұрған дүниелік берілгендікте танымдық бағдар ала білуге тиіс. Осы оны қорғайтын бағдар үшін адам өзін дүниелік берілгендікпен, оны

қоршаған дүниелік мылқау құдіретпен сәйкестікке келтіруі тиіс. Ғылым берілген дүниеге, тықпаланған қажеттілікке бейімделудің жетілдірілген құралы. Ғылым дүниелік барлыққа бейімделу арқылы қажеттілікті тану және қажеттіліктен тану болып табылады. Ғылымды тағы бағдар алу және өзді-өзін сақтау реакциясы мақсатында берілген дүниелік қажеттілікті қысқартылған, экономикалық суреттеу ретінде анықтауға болады. Ғылыми ойлау әрқашанда дүниелік қажеттілікке терең сәйкестікте, бейімділікте болады, ол берілгенде бағдар алудың құралы [5, 160].

Ғылыми логика қажеттілікке бейімделудің құралы, оған дүниелік қажеттілікке деген бағыныштылық тән, және де онда осы қажеттілікпен, осы берілгендікпен шектелгендіктің табы жатыр... Ойлаудағы қажеттілік дүниенің қажеттілігіне бейімделудегі оның өзді-өзін сақтауы ғана. Дүниенің қажеттілігі танылуға тиіс, ал ол үшін соған сай ойлаудағы қажеттілік қалыптастырылуы тиіс.

Прагматизмнің кейбір көріністеріне сыни қатынас орынды, бірақ ғылымның прагматикалық табиғатын, оның өмірлік пайдакүнемдік, биологиялық сипатын жоққа шығару қиын... Тек философтар ғана әмбебап ғылым туралы армандайды — ғалымдар әрқашан кішіпейілдірек болған. Ғалымдар дүниелік барлықты жекелеген, арнайыланған салаларға мүшелеп, табиғат заңдары деген атаумен жекелеген салалардың үнеммен қысқартылған суреттемесін берген. Табиғаттың ғылыми заңдарының құндылығы ең алдымен табиғатта практикалық бағдар алуда, табиғатты оның өз құралдарымен, яғни бейімдеу арқылы, иеленуде болатын. Шынтуайтында, ғылымда әрқашан екі жан өмір сүріп, бір-бірімен таласып отырған және де соның бірі дүниелік құпияны тануды аңсайтын. Бірақ ғылымды жасаған бұл жан емес, бұл жан әрқашанда философияға, теологияға, магияға қарай иілетін. Кейінірек ғылымның магиямен байланысы көріне жатар.

Ғылыми философияның мүмкін де қажет еместігі анықтала түсуі үшін, ғылым дегеніміз қажеттілікте мойынсұну деген қорытындыны баса айтудың маңызы зор. Ғылым — шығармашылық емес, ол мойынсұну, оның стихиясы — еркіндік емес, қажеттілік. Ғылым өзінің діни мәні бойынша көне өсиетшіл және күнәмен байланысты.

Ғылым ешқашанда адам рухының азаттығы болған емес және бола алмайды. Ғылым әрқашан адамның қажеттілік алдындағы еркінсіздігінің айғағы болып келді. Бірақ ол қажеттіліктегі құнды бағдар және адам жасаған күнәнің салдарларына деген қасиетті танымдық мойынсұну болды. Ғылым өз мәнінде және өз мақсаты бойынша әрқашанда дүниені қажеттілік сыңайында таниды, сондықтан қажеттілік категориясы — болмыстың бар күй-жағдайына бағдарлы бейімделу ретіндегі ғылыми ойлаудың негізгі категориясы.

Ғылым дүниедегі еркіндікті шайдай аша алмайды. Ғылым ең ақырғы құпияларды білмейді, өйткені ғылым — қауіп-қатерсіз таным. Сондықтан ғылым Ақиқатты білмейді, тек ақиқаттарды ғана біледі. Ғылымның ақиқаты болмыстың тек жеке бір жағдайларына ғана және ондағы жеке бір бағдар алу үшін ғана маңызды.

Ғылым өз шындығын жасайды. Ал философия мен дін мүлде басқа шындықтарды тудырады. Егер ғылым дүниелік барлыққа экономикалық бейімделу және дүниелік қажеттілікке мойынсұну болса, онда философия қай мағынада ғылымға тәуелді және ғылым болуы тиіс? Ең алдымен және қай жағдайда да болмасын философия болмыс жиынтығындағы жалпы бағдарлау болып табылады, бірақ болмыстың жекеленген күй-жағдайларындағы жекеленген бағдарлау емес. Философия ақиқаттарды емес, Ақиқатты іздейді [5, 163].

Философия даналықты сүйеді. София шынайы философияны алға бастырады. Философиялық сананың шыңдарында София адамға бойлап енеді. Ғылым өзінің негіздерінде және принциптерінде философияға тәуелді бола алады, бірақ ешқалай да керісінше емес. Ғылым философиясы болуына рұқсат, ал ғылыми философияға рұқсат жоқ. Өз мәнінде және өз міндеттері бойынша философия ешқашанда қажеттілікке бейімделу болған емес, ешқашанда шынайы, туа біткен философтар дүниелік берілгендікке мойынсұнған емес, өйткені философтар бар дүниеден асып түсетін даналық ақиқатын іздеді.

Философияның қастерлі мақсаты әрқашанда еркіндікті тану және еркіндіктен тану болатын. Философияның стихиясы — қажеттілік емес, еркіндік. Философия әрқашан адам рухының қажеттілікке деген құлдықтан азаттығы болуға ұмтылып келді. Философия ойдың дүниелік қажеттілікке бейімделуі болып табылатын логикалық аппаратты зерттей алады, бірақ ол өзі бұл аппаратқа құлдық тәуелділікте бола алмайды.

Даналық таным логикалық танымнан жоғары. Философия дегеніміз ғылыммен салыстырып қарағанда дүниеге деген принципті басқа сападағы реакция, ол басқадан туындап, басқаға

бағытталды. Философияны ғылымға бағындыру еркіндікті қажеттілікке бағындыру болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Сидоров Н.Р. Философия образования. — М., 1989. — 520 с.
2. Аксиологические аспекты историко-педагогического образования, стратегии и развития отечественного образования / Под ред. З.И.Равкина. — М., 1994. — 400 с.
3. Гершунский Б.Е. Философия образования для XXI века. — М.: Совершенство, 1998. — С. 125.
4. Саттарова Ф.Ф. Значение социокультурных факторов динамики научного знания // Казахстанская философия в канун XXI века. — Алматы, 1998. — С. 105.
5. Батыс философиясының антологиясы: Хрест. — Алматы, 2002. — 465 б.

УДК 140.8

Н.Ю.Феталиева

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

ПРОБЛЕМА ЗНАНИЯ В ФИЛОСОФИИ АБАЯ

Мақалада қазақ ойшылы Абай Құнанбаевтың дүниетанымындағы бір мәселе — білім мәселесі талқыланады. Ойшыл дәстүрлі білімді (нақлия) және философиялық білімді (ғақлия) бөлсе, адамзат өркениетіне соңғысы пайда әкеледі. Абай Құнанбаев білімге жету жолын көрсетіп, толық адам туралы ілімді құрастырады.

The problem of philosophical news of Kazakh thinker Abay Konunbayew is analyzed in this article. It is the problem of knowledge in his philosophy. The thinker distinguishes traditional (it is a sum of knowledge) and philosophical knowledge (it is a wisdom), because it is able to give benefit to the humanity. Abay shows the ways of the achievement knowledge and elaborates the doctrine about perfect person.

*Я человек! И я живу надеждой,
Своей судьбы от мира не тая,
Нельзя мне быть в невежестве невеждой,
Где мне искать опору бытия! [1; 174]*

Эти строки великого мыслителя посвящены человеку — человеку в полном смысле слова, потому что в отличие от животного, которого влекут лишь плотские желания (инстинкты), человеку еще имманентны духовные потребности. Они его главные измерители.

Поиск знания не дает человеку покоя, он заставляет его размышлять, действовать, искать опору бытия, чтобы понять, в чем смысл жизни. Иначе, ограничившись лишь потребностями в еде, питье, сне, чем человек будет отличаться от животного, чем он будет лучше его, или если он будет довольствоваться лишь созерцанием мира, не стараясь понять его, проникнуть в сущность.

Первый враг человека — это невежество, по Абаю. Поэтому поэт призывает: «Адам бол! — Будь человеком!».

Разрабатывая свое учение о знании познания, Абай исходит из категории любви.

Согласно суфийскому мировоззрению, Бог создал человека с любовью. Человек как подобие Божие может отплатить только любовью. Аль Газали в своем труде «Воскрешение наук о вере» пишет о том, что любить можно лишь то, что познается, поэтому деревья и камни любить не могут. Отсюда следует, что любовь непосредственно связана с познанием. А во всем мироздании познавательной способностью наделен лишь человек. Полностью разделяя эти мысли, философ выводит следующую максиму: «Любовь — это человечность человека». То есть здесь речь идет о человеческой самостоятельности, его сути. Проявляется же она через разум человека, через то, что познает.